



ӘОЖ 22.09: 821. 512. 122

Ақманова Ғалия Рахметоллаевна

педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
e-mail: raxmetollaeva@mail.ru

АБАЙ-ШӘКӘРІМ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСУІ

Бұл мақалада Абай мен Шәкәрімнің даналық сөздері мен ой-толғамдарының үйлесіп, үндесуі ғылыми тұрғыдан талданып қарастырылады. Шәкәрім Құдайбердіұлының егемендігіміздің арқасында әдебиетіміздің ақтаңгері болып қайта әдебиет алыптарының қатарына қосылуы ақынның мол мұрасын жан-жақты зерттеп, қарастыруға, насихаттап жазуға мүмкіндік тудырды. Мақалада Шәкәрімнің Абай туралы ойын, абайлық әлемге деген көзқарасын және жеке басына деген қан жақындық, жан жақындық ыстық сезімін шығармалары арқылы талдай келіп, Абайдың ақын шәкірттерінің бірегейі екендігі сарапталды.

Абай түсінігінде жеке тұлға, азамат болудың шарты – нұрлы ақыл, ыстық жүрек пен қайратты қатар ұстауда болса, Шәкәрім азаматы «арлы» адам. Тақырып мазмұн жағынан да екі ақынның шығармалары үндесіп жататындығы зерделеніп зерттелінді.

Түйін сөздер: үндесу, туындылар, жанр, шығармашылық, әдеби мұра, қара сөздер, насихат, философиялық көзқарас.

В данной статье с научных позиций рассматриваются проблемы изучения философских идей в творческом наследии Абая Кунанбаева и Шакарима Кудайбердиева.

Автор статьи отмечает, что только с приобретением нашей страной независимости появляется возможность всестороннего исследования философского миропонимания Шакарима и знакомства широкой аудитории с его творчеством.

В работе подвергаются анализу размышления Шакарима о творчестве Абая, внесшего неоценимый вклад в мировую литературу, а также литературный опыт его учеников. И если для Абая личность человека включает понятия мудрость, горячее сердце и мужество, то для Шакарима прежде всего важна совесть. В статье указывается на единство и близость из идейных устремлений.

Ключевые слова: единство, произведения, жанр, творчество, литературное наследие, слова назидания, пропаганда, философские взгляды

The article deals with the problems of studying of the philosophical ideas in creative heritage of Abay of Kunanbayev and Shakarim Kudayberdiyev are considered from scientific positions

The author of the article notes that only with acquisition by our country of independence the possibility of a comprehensive investigation of philosophical outlook of Shakarim and acquaintance of wide audience to his creativity appears.

In work are exposed to the analysis of reflection of Shakarim about creativity of Abay which made an invaluable contribution to the world literature and also literary experience of his pupils. And if for Abay the identity of the person includes concepts wisdom, a warm heart and courage, then the conscience first of all is important for Shakarim. In the article it is pointed out unity and proximity from ideological aspirations.

Keywords: unity, works, genre, creativity, literary heritage, words of edification, promotion, philosophical views

Еліміз тәуелсіздік алған дәуірде отаршылдықтың темір қақпанына түсіп, сөзін оқымақ түгел, атын атауға тыйым салынған ойшыл тұлғалардың даналық сөздері мен ой-толғамдарын танып білуге мүмкіндік туды. Қаншама уақыт қараңғы қапаста жатып, «тас құдықта» күндақталса да, егемендіктің арқасында небәрі XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарына таман ғана халқымен қайта қауышқан «өзі өлсе де, сөзі өлмеген» қазақ елінің біртуар арыстарының бірі - Шәкәрім. Шәкәрім Құдайбердіұлы егемендігіміздің арқасында әдебиетіміздің ақтаңгері болып қайта әдебиет алыптарының қатарына қосылды. Ақынның мол мұрасын жан-жақты зерттеп, қарастыруға, насихаттап жазуға мүмкіндік туды.

«Шәкәрімнің қай шығармаларын алып қарастырсақ та, айдыны да, арнасы да кең дүние! Өзінің жарты ғасырдан астам уақыт кеңестігіндей шығармашылық жолында ол әдебиеттің барлық жанрына еңбек етті. Салмақты да сүбелі туындылар тудырды. Абай талантының алтын бесігінде ер жеткен Шәкәрім ақынның мұралары өз заманының үнін көтерді, тынысын танытты», - [1] шәкәрімтанушы ғалым Б.Әбдіғазиев «Асыл арна» еңбегінде ақын шығармаларының маңыздылығына ерекше мән береді.

«Шәкәрім 7 жасынан бастап 72 жас ғұмырында Абай тәрбиесінен, өнегесінен нәр алып, ұлы ұстазына, қандас туысына үлкен жүректің зор сүйіспеншілік сезімін білдіреді. Айрықша алғыспен сүйіне де, күйіне де тағзым етеді, тәңір тұтады. Онысында бауырлық елжіреуді де, шәкірттік кішілік құрметті де, пір тұтқан сыйыныс та, мұң шаққан сыйластық та, мақсатты мақтан да, танымдық тұрғыда толассыз жарыс жарастығы да бар. Шәкәрімнің қазақ әдебиетінің тарихында алатын орны, Абайдың тәлімін алған талантты шәкірті, оның Абай негізін салған реалистік әдебиеттің дәстүрлерін жалғастырудағы рөлі жайында тұңғыш ғылыми пікір айтқан Мұхтар Әуезов: «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласында Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде өмір сүрген ақындар туралы айта келіп: «Мұндай ақын-төртеу, - дейді. - Оның екеуі – Ақылбай, Мағауия –Абайдың балалары... Қалған екеуі – Көкбай, Шаһкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері, Абайдан аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның

өлең мен кара сөздерін оқушы әрі таратушы, бағалаушы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан осы мақаладай нұсқауымен өздері де әр тақырыпқа жырлар жазған... Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері есепті де, Абай алды оларға жазушының мектебі сияқты болды». -[2] деп өзінің ғылыми тұрғыда бағалағаны анық.

Шәкәрімнің Абай туралы ойын, абайлық әлемге деген көзқарасын және жеке басына деген қан жақындық, жан жақындық ыстық сезімін оның Абай атын ашық атаған өлеңдерінен («Жастарға», «Жолама кулар, маңайға», «Адамдық борышын») көреміз. Ақын Абайды жете танып, биіктен көреді, көріп қана қоймайды: ар, ақыл, адалдық, жүрек, еңбек туралы Абай ойларын өзінің ішкі жан дүниесімен ұштастырады. Абай бастан кешірген орта, орта адамдары қажытқан хал – күйді өзі де басынан кешкен сәтте:

Жолама кулар, маңайға.
Не қылмадың талайға?
Кім жағады сендерге
Тартқызған азап Абайға
Ақылы дария Абайдан
Таусылмас қоры кен қалар.
Жақсыдан қазына пұл қалар,
Солмайтын жасыл гүл қалар.
Сендердей арсыз кулардан

Желге ұшатын күл қалар -, деген шумақтарға толы удай ащы көңіл шындығын, ашу – наласын мен ішкі жан толғанысын аямай ақтарады. Шәкәрім Абайдың өмірін, қуаныш – қайғысын, жеке бас тағдырын ғана паш етпейді, ең кереметі, Абайдың терең ойшылдығын өмір, тағдыр, қоғам, оның адамдар туралы пәлсапалық көзқарастарын білдіреді. Шәкәрім өз заманындағы заман дертін анық көріп отыр. Абайдың көңіл – күйі, жан толқыны, ашу – ызасымен қатар өзінің де көңіл толқынын реніш, ашу - ызасы көрініс береді.

Мені арбайтын сен емес,
Көнетін саған мен емес
Ақылың сенің – маған тұл,
Дертімді жазар ем емес.
Жәдігөй, арам, сайтаным,

Сырыңды түгел білгемін,-деп өмір шындығынан туындаған шынайы шындықты ашына жырлайды. Келер ұрпаққа кімнен тәлім – тәрбие алудың, оның терең ойлы өміршендігінің қандай болмақ екендігін ұрпақ зердесіне

тапсырады. Өйткені, ақынның «Жолама құлар, маңайға» [3] атты өлеңінде Абай есімі анық аталады.

Шәкәрімнің Абайдан тәлім алған талантты шәкірті екендігін, ұлы ақын дәстүрінің тұңғыш жалғастырушысы болғандығын және шығармаларының негізгі тақырыптарының сарындас, үндес екендігіне оқушының көзін жеткізу. Абай түсінігінде тұлға, азамат болудың шарты – нұрлы ақыл, ыстық жүрек пен қайратты қатар ұстауда болса, Шәкәрім азаматы «арлы» адам. Тақырып мазмұн жағынан да екі ақынның шығармалары үндесіп жатады.

Абай "Ғылым таппай мақтанба," "Болыс болдым, мінекей", "Құлақтан кіріп, бойды алар", "Адамның кейбір кездері", "Әсемпаз болма әрнеге", "Жүрегім менің қырық жамау" өлеңдерінде өзі өмір сүрген ортада жұртшылықтың санасындағы кейбір жағымсыз кертартпа мінез-құлықты әшкерлеп сынға алады. Осы сияқты Шәкәрім шығармаларында да "Ескіден қалған сөз теріп," "Еріншек", "Сәнқойлар", "Құмарлық" сияқты өлеңдерінде де сол қоғамдағы адамдардың бойындағы, ой-санасындағы ірлі-уақты кемшіліктерді сынайды. Бұл тұста тағы да ақын шығармаларының Абай шығармаларымен үндесігін көреріміз анық. Абай өз заманында жас ұрпаққа "көкірегі сезімді, көңілі ойлы" адамдарға үміт артып, олардың жүрегіне нәр беріп, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға бар ғұмырын арнады. Жастардың ғылым мен білімді игеріп, қажырлы еңбек етіп, дүниеге "кірпіш болып қалануын" арман етті. Мысалы, "Ғылым таппай мақтанба" өлеңінде адам болудың қағидаларын талдап көрсетеді. "Адам болам десеңіз: Бес нәрседен қашық бол: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Бес нәрсеге асық бол: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой.-бес асыл іс көнсеңіз"- деп адамгершілік жайын қозғайды және адам болудың ізгі шарттарын саралап көрсетеді.

Шәкәрім өлеңдері де Абай өлеңдері тәрізді уағыз, ақыл-кеңес, насихат түрінде келеді. Жас ұрпақты рухани адамгершілікті тәрбиелеуде ата-бабамыздың асыл-мұраларын, өсиетті сөздерін, ғибраттарын, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан жайып салады. Абай Шәкәрім жырлары бүгінгі ұрпақтың "бойтұмары" болмақ. Ол адамгершілік, ар-ұятты жоғары қояды. «Талап пен ақыл» өлеңінде: талаптың орынсыз жерге ұмтылмайтын алты түрлі нәқаты бар деп, оның қызметін жайып салады.

"Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан Анық төмен болмай ма хайуаннан.

Ынсап, рақым, ар - ұят табылмаса,

Өлген артық дүниені былғағаннан!", - деп кемел адамға қажетті жекелеген қасиеттерді санамалап көрсете келе, ақын осы аталған қасиеттердің адам өміріндегі әрқайсысының мән-мазмұнын жан-жақты түсіндіре келіп, осындай асыл қасиеттерді бойына жинаған адам ғана мұратына жететінін нақтылайды. Шәкәрім ақынның «арлы азаматы» - жақсы мен жаманның жігін ажыратып қоймай, сөз бен істе түзу, әділ жолдан аумайтын, орынсызды айтпайтын намысшыл азамат.

Ақылды сол- ынсап пен ар сақтайды,

Арсыз сол- арамдықпен жан сақтайды.

Адал сол- таза еңбекпен күнін көріп,

Жаны үшін адамшылық ар сатпайды.

Жалған айтып, біреуге жалынбалық!

Біз, сірә, үлкендердей қағынбалық!

Наданға өлсек – тағы бағынбалық!

Өтірік, өсекке еріп сабылмалық,- деп ұрпаққа арнаған өсиет тақырыбын

«Жастарға» деген шығармасында жырлай келіп, туған елінің өсіп-өнуін армандаған, келешек ұрпақты тәрбиелеу тәсілдерін іздеп, оған жол табу негізін педагогикалық тұрғыдан қарастырады.

Д.Әшімханов Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары жайлы зерттеулерінде: «Әдебиетіміздің тарихында ұзақ жыл орны ойсырап келген, елге ежелден белгілі болған ақын-жазушыларымызды еске алғанда, ең алдымен Шаһкәрімді атауымыз орынды деп білемін. Өйткені, ол-Абайдың нағыз мұрагерлерінің бірі, бірі болғанда - бірегейі. Олай дейтініміз, Шәкәрім әрі лирик, әрі прозаик, композитор, музыкант, тарихшы, философ, орыс шығыс классиктерімен қазақ оқушыларын таныстырған шебер аудармашы, терең ойшыл, сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз, сонымен қатар мәдениет қайраткері», – деген құнды пікірі ақынның өмірдегі және өнердегі жолын адамгершілік асыл қасиеттерін, ақындық құдірет дарының, азаматтық ісімен халқына еңбек еткен халық ұлының ұлағатты шығармаларының тұңғыш сырын ашқандай [4].

Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов «Екеу» деген бүркеніш атпен «Абайдан соңғы ақындар» [5] атты мақалада жаңа әдебиетіміздің атасы болған Абай туралы пікір айта отырып, Абайдан соңғы ақындардың өнері, өлең өрімі, тіл айшықтарын екшелей келе, сол тұстағы әр

ақынның өзіндік ерекшелігін саралай келе оларға үш мін тағып, үш жікке бөледі:

«Біздің ойымызша, қазіргі жазылып, шығып жүрген өлеңдерде мына сияқты міндер бар:»

Бірінші міні- табиғаттың әр түрлі түрімен сырласып, мұндаса алмайды; Екінші міні- сыршыл еместігі; Үшінші міні- тілдердің шебер кестелі еместігі;- дей келіп, өлеңдерінің сыртқы түрімен қалпына қарап, қазіргі өлеңшілерді бірнеше жікке бөлуге болады:

Бірінші жіктің өлеңшілері- сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе, Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт.

Екінші жіктің өлеңшілері- Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Бекет Өтетілеуов.

«Сыртының сұлулығы, тақылдақтығымен Ахмет пен Сәбиттің өлеңіне Шәкәрімнің өлеңі ұқсайды. Бірақ, терең мағыналы сөздерді өлеңмен келтірем деп сөзін созыңқырап, шұбатып, оқушына тез жалықтыратын қалпы бар. Шәкәрім көбінесе өлеңін халыққа ұғымды болуын көздейді және өлең арқылы халықтың ақылын да тәрбие қылып жетілдіргісі келеді. Осы күнгі ақындардың ішіндегі Абайға өлеңнің сыртымен болмаса да, ішкі мағынасымен еліктеген кісі – Шәкәрім. Мінді, кемшілікті айтқанда жерлеп, кекеп – шенеп отырмайтын Шәкәрім өлеңінде шаншып алушылық бар», - деп бағалайды. [6] Демек, Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов өз мақалаларында Шәкәрім шығармашылығының мәні мен мақсатын анықтауға қадам жасай отырып, ақын өлеңдерінің құрылысына қарай халық ақындарының тобына жататындығын, мазмұны

жағынан ағартушылық бағытта екендігіне баға беріп, өлеңдерінің, халықтық тәрбие тұрғысында жырланатындығын, көрсете келе, Шәкәрімді Абайдың заңды, тікелей, нағыз, ізбасары деп таныған. Мұндай салиқалы пікір бүгінде өлең құдіретіне үлкен талап қояры сөзсіз.

Шын мәнінде Абай мен Шәкәрім арасындағы қаламгерлік тамырластық аса терең. Өз заманының келелі мәселелерін, қоғамдық шындықты қозғауда екі ақын да ерекше қуат танытқан. Абай тәрізді Шәкәрімнің лирик ақын ретінде өсу эволюциясының өн бойында жеке адамдағы ұсақ-түйек міндерден бастап сол кездегі саясат сияқты күрделі ұғымға дейінгі мәселелердің бәрі қамтылған. Ол заңды да. Өйткені ақын қашанда өз дәуірінің перзенті. Қандай ақынның болсын поэзиясында өзі ғұмыр кешкен кезеңнің сыр-сипаты, ақыл-ойы мен болмыс бітімі тұжырым табады.

Шәкәрім есімін биік арнаға көтерген ұлы мектеп Абай негізін қалаған жаңа сипаттағы әдебиет дәстүрі. Шәкәрім шығармаларындағы Абай өнегесінің ықпалы оның реализмінен, сыншыл да сыршыл өлеңдерінен көрінеді. Абай, Шәкәрім шығармаларының үндесуі бүгінгі ұрпақтың адамдық жолына түсуде арамдық пен алдаудың, қулық пен сұмдықтың зиянын әшкерелей отырып, білім мен ғылым үйренудің кереметтілігін түсіндіреді. Сол арқылы өз заманының бейнесін жасайды. Сол бейнені талдап, талғай отырып, бүгінгі ұрпақ бойында сынаптай болса да, жақсылық жасауға, адамгершілік ар-ұятты жоғары қоюға тәрбиелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Әбдіғазиев Б. Асыл арна. – Алматы: Қазақ университеті, 1992, – 128 б.
- 2.Әуезов М. Абай Құнанбаев. монографиялық зерттеулер мен мақалалар.-А.: "Санат", 1995.-320б.
- 3.Шәкәрім . Өлеңдер мен поэмалар. Алматы "Атамұра" 2003,-294б.
- 4.Әшімханов Д. Бес арыс. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.
- 5.Екеу. Абайдан соңғы ақындар// Абай . 1995. № 5. Б. 48-52.
- 6.Шәкәрімұлы А. Менің әкем, халық ұлы – Шәкәрім // Шәкәрімтану

Ақманова Галия Рахметоллаевна

Лауазымы: педагогика ғылымдарының кандидаты, филология кафедрасының доцент м.а., Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071411, Қазақстан Республикасы, Семей қ, Карменов көшесі 3- 9 пәтер.

Ұялы телефон: 8-777-742-22-12

Абай - Шәкәрім идеяларының үндесуі

Ақманова Галия Рахметоллаевна

Должность: кандидат педагогических наук, и.о доцента кафедры филологии, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

Почтовый адрес: 071411, Республика Казахстан, г.Семей, ул Карменова 3 кв 9

сот тел: 8-777-742-22-12

Единство идеи Шакарима и Абая

Akmanova Galia Rahmetollaevna

Position: Candidate of Philological Sciences, H.T. Associate Professor of Philology Department, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: 071411, Republic of Kazakhstan, Semey city, Carmenova street, 3-9

Mob. phone: 8-777-742-22-12

Unity of the idea of Shakarim and Abay